

# КӨП ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Білім берудің жаңа бағыттарының басты ерекшелігі – оқытудың нәтижесін алдын-ала болжау, білім алушылардың қызығушылықтары мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіру, оны сана «сүзгісінен» терең зерделей отырып, шығармашылық әлеуетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, ҚР «Білім» бағдарламасында мемлекеттік саясаттың басты принциптері ретінде жеке адамның шығармашылық әлеуетін дамыту, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселелерінде басты міндеттер қатарында қойылған.

Республикасы Президенті Н.А.Назарбаев білім беру жүйесінің алдына бірнеше тілді меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін қойып отыр.

Осыған сәйкес үш тілдің – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілінің және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілінің – дамуы қажет.

Бүгінгі таңда қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру адамның жеке және кәсіби құзыреттіліктерінің бірі болып саналады. Осы орайда қоғамда әлеуметтік және кәсіби тұрғыда үш тілді меңгерген мамандар сұранысқа ие.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде де көптілді дамыту мәселесіне көп көңіл бөлініп келеді. Көптілді білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін, ең алдымен оқытушыларды даярлау шаралары қарастырылды. Соңғы төрт жылда елуден астам оқытушылар біліктілікті арттыру курстарынан өтті

(жарты жылдан үш жылға дейін), 14 оқытушы жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша «Болашақ» бағдарламасы, 7 оқытушы «Erasmus Mundus» және 4 оқытушы басқа бағдарламалары негізінде білімдерін жетілдірді.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті 2012-2013 оқу жылынан бастап білім беру бағытындағы 5В011200-Химия, 5В010900-Математика, 5В011000-Физика, 2013-2014 оқу жылынан бастап 5В011300-Биология», 5В011100 Информатика; 5В011600 География мамандықтары бойынша көптілді білім



ИСКЕНДИРОВА Сауле  
Куандыковна



ДУРМЕКБАЕВА Шынар  
Нұрлыбековна



беретін мамандарды дайындап жатыр. Көптілді білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың жалпы саны 200 құрайды.

Оқу жұмыс жоспарына сәйкес жоғары білікті педагогикалық кадрларды базалық, кәсіби және тілдік тұрғыда дайындауды қамтамасыз ететін мамандар енгізілген. Оқу жұмыс жоспарында пәндердің 50% негізгі білім алу тілінде, 25% – қазақ немесе орыс тілінде, 25% ағылшын тілінде оқыту жоспарланған.

Университетімізде Назарбаев Зияткерлік мектебі, қазақ-түрік лицейі, шетелдік және ұлттық көптілді білім беретін ЖОО іс-тәжірибе алмасу

мақсатында ынтымақтастықта жұмыс істеу жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар профессорлық-оқытушылар құрамының шетелдік ұйымдардың базасында іс-тәжірибеден өтуі, академиялық пәндерді жүргізуі, курстарды ағылшын тілдерінде жүргізуі үшін оқу курстары ұйымдастырылған.

**Көптілді білім беру және сыртқы академиялық ұтқырлық аясында шетелдік ЖОО-да оқу үшін студенттер мен магистранттарды халықаралық IELTS тестіне дайындау мақсатында курстар ашылған.**

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, биология және оқыту әдістемесі кафедрасы көптілді оқытуды мынадай білім беру бағдарламалары бойынша даярлайды:

5B011300 «Биология» (бакалавриат), берілетін академиялық дәреже: «5B011300 – Биология» мамандығы бойынша білім бакалавры»;

6M011300 – Биология (магистратура), берілетін академиялық дәреже: «6M011300 – Биология мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі».

Университетімізде көптілді оқытуды жүзеге асыруға барлық жағдайлар жасалған.

Қазіргі заманға лайық мамандарды дайындау барысында кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы – ғылым докторлары мен кандидаттары, магистрлер мен ұзақ жылғы педагогикалық өтілі бар оқытушылардан құралады. Биология және оқыту әдістемесі кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамының саны 14, оның ішінде бір – ғылым докторы, бес – ғылым кандидаты, бір – аға оқытушы, жеті – магистр бар.

2014 жылы 5B011300 – Биология, 6M011300 – Биология білім беру бағдарламалары бес жылға мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

5B011300 – Биология мамандығы бойынша көп тілді білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың шет тілін меңгеру деңгейі анықталып және сол бойынша одан әрі оқыту жүзеге асырылуда.

Білім беру бағдарламасында «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы», «Өсімдіктер систематикасы», «Омыртқасыздар зоологиясы», «Омыртқалылар зоологиясы», «Биологияны оқыту әдістемесі» пәндері негізгі тілде, «Жалпы химия», «Генетикалық есептерді шешу», «Биологиядан сабақтан тыс жұмыстар» пәндері-орыс немесе қазақ тілдерінде, «Cytology and histology», «Human Anatomy», «Human and animal physiology», «Biochemistry», «Organic Chemistry», «Plant Physiology», «Genetics» пәндері ағылшын тілінде оқытылады. Қазақ және орыс тілінде «2012 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы атағының иегері» биология ғылымдарының кандидаты, доцент Дурмекбаева Ш.Н., «2011 жылдың жоғары оқу орнының үздік

### Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Көрсеткіш	2010	2015	2020	Орындаушылар
жаратылыстану -математика циклі пәндерін ағылшын тілінде оқытатын педагогтердің үлесі	0,6%	10%	15%	БҒМ



оқытушысы атағының иегері» химия ғылымдарының кандидаты, доцент Хамитова А.С., биология ғылымдарының кандидаты, доцент Сафронова Н.М., медицина ғылымдарының докторы, профессор Темирбеков Ж.Т., биология ғылымдарының кандидаты Өнерхан Г., ағылшын тілінде биология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Болашақ» бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамадан өткен Жумабаева С.Е., ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент, «Біліктілікті арттырудың ұлттық орталығы «Өрлеу» АҚ ұйымдастырған шетелдік біліктілікті арттыру курсының тыңдаушысы Смаилова Г.Т., PhD докторы Қасенова Н.Б., химия ғылымдарының кандидаты Нурмуханбетова Н.Н. және т.б. білікті мамандар өткізеді.

Оқу үрдісінде жұмыс және типтік оқу жоспарлары, типтік және оқу бағдарламалары, силлабустар пайдаланылады. Барлық пәндерден оқу-әдістемелік кешендер жасалып, студенттер әрбір пән бойынша аудиториялық жұмыс құралдарымен, яғни қысқаша дәріс тезистерімен, зертханалық, практикалық, өзіндік жұмыстарға, аралық және ағымдық, қорытынды, тәжірибе өту үшін қажетті материалдармен қамтылған. Кредиттік оқыту жүйесіндегі оқу-әдістемелік кешеннің негізгі бір бөлшегі бұл әрбір пән бойынша элективті (таңдау) пәндер каталогы болып саналады. Элективті пәндер каталогы мынадай талаптарға сәйкес құрастырылған: жұмыс берушілердің

қажеттіліктері; міндетті пәндерге сәйкес пәннің бірізді жүргізілуі; студенттердің жеке қабілеттері, даму перспективасы; әлеуметтік-тұлғалық құзіреттілігі; экономикалық және ұйымдастырушылық құзіреттілігі.

**Алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияларды және жаңа ақпараттық технологияларды енгізу арқылы қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілдерін оқыту әдістері тұрақты түрде жетілдіріліп отырылады.**

Заманауи технологияларды оқу үдерісіне енгізу мақсатында оқытушылар оқу барысында әртүрлі инновациялық технологияларды пайдаланады.

Мектептермен өзара байланысты нығайту мақсатында оқыту семинарлары, конференциялар, біліктілікті арттыру курстары өткізіледі.

Кафедра оқытушылары академиялық ұтқырлық жұмысын ұйымдастырумен де айналысады. Олардың қатарында еліміздің және шетел ЖОО-мен өзара байланыс жасау, олармен конференциялар, семинарлар және басқа да шаралар ұйымдастыру, белгілі ғалымдарын шақыру, ПОҚ штатының халықаралық семинарлар мен конференцияларға, республикалық, халықаралық конкурстарға, конференцияларға, семинарларға, олимпиадаларға қатысу, ғылыми жобаларды орындау, элективті пәндер каталогын жасау, жазғы семестр курсының бағдарламасын жасау, Қазақстан аумағы мен жақын шетелдің ЖОО-ның студенттерін шақыру сынды шаралар бар.

Өткен жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бекітілген іс-шаралар шеңберінде, мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары оқу орындары арасында 5B011300 - «Биология» мамандығы бойынша өткізілген Республикалық пәндік олимпиадада 3 курс студенті Рыспаева Асем II дәрежелі дипломмен марапатталды, 4 курс студенті Әліп Айтолқын (ғылыми

**2012-2013 оқу жылынан бастап көптілді білім беру бағытындағы келесі оқу бағдарламалар ашылды:**

- **5B011200 Химия;**
- **5B010900 Математика;**
- **5B011000 Физика;**
- **5B060800 Экология.**

**2013-2014 оқу жылынан бастап көптілді білім беру бағытындағы келесі оқу бағдарламалар қосылды:**

- **5B011300 Биология;**
- **5B011100 Информатика;**
- **5B011600 География.**

жетекші – биология ғылымдарының кандидаты, доцент Дурмекбаева Ш.Н.) Астана қ. «ZIAT» Ғылыми-әдістемелік орталығымен ұйымдастырылған «Ғылым шарайнасы» студенттер жұмысының Республикалық конкурсында ІІ орынды иеленді.

«Биология және ОӘ» кафедрасында 2014-2015 оқу жылы «Ботаника», «Өсімдіктер физиологиясы», «Биология» заманауи жабдықталған оқу зертханалары ашылды.

Оқу зертханаларының мақсаты – студенттер мен магистранттардың бойында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу дағдыларын қалыптастыру – мақсат қоя білу, сынақ жүргізу, нәтижелерін талқылау, қорытындыны рәсімдеу. Сонымен бірге тірі ағзалардың биологиялық ерекшеліктерімен, сыртқы орта факторларының өсу мен даму процесіне тигізетін әсерімен танысу.

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің кітапхана қызметі кітапханалармен, отандық және шетелдік білім беру ұйымдарымен мәліметтер алу және алмасуға мүмкіндік береді.

Алайда көптілді білім беру барысында мектеп бітіруші түлектердің ағылшын тілі бойынша даярлықтарының төмен болуына байланысты, жоғары оқу орындарында қосымша тілдік курстарды ұйымдастыру қажеттілігі мәселесі туындап отыр.



Сондықтан орта мектептерде ағылшын тілін оқытудың әдістемесі жетілдіруді талап етеді.

ҚР Білім және ғылым Министрлігі тарапынан арнайы көптілді білім беру бағдарламасы бойынша мемлекеттік гранттар бөлінсе деген ұсыныс білдіреміз.

«Тілі бірдің – тілегі бір», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет етуді парыз санаймыз. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілді білуге деген қызығушылықтарын арт-

тыру арқылы олардың отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуын мақсат тұтқанымыз жөн.

**Қолданылған әдебиеттер:**

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //Білім,2004 – №1, 23-24 б.

**Сауле ИСКЕНДИРОВА,**  
**Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік қызметінің басшысы,**  
**э.ғ.к., профессор**

**Шынар ДУРМЕКБАЕВА,**  
**Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің «Биология және оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі,**  
**доцент**

**Көптілді білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың саны**

Білім беру бағдарламалары	Оқыту кезеңі			
	2012-2016	2013-2017	2014-2018	2015-2019
<b>5B010900 Математика</b>	<b>18</b>	<b>7</b>	<b>23</b>	<b>10</b>
<b>5B011200 Химия</b>	<b>5</b>	<b>4</b>	<b>10</b>	<b>10</b>
<b>5B011000 Физика</b>	<b>4</b>	-	-	-
<b>5B060800 Экология</b>	<b>14</b>	-	<b>7</b>	<b>5</b>
<b>5B011300 Биология</b>	-	<b>9</b>	<b>8</b>	<b>8</b>
<b>5B011100 Информатика</b>	-	<b>10</b>	<b>10</b>	-
<b>5B011600 География</b>	-	<b>4</b>	<b>7</b>	<b>19</b>
<b>5B010200 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі</b>	-	-	-	<b>9</b>

**АННОТАЦИЯ**

В статье к. э. н, профессора С. Искендировой и к. б. н, доцента Ш. Дурмекбаевой Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова рассказывается о трехязычном обучении на кафедре биологии и методическом обучении в вузе. Авторы рассуждают о важности трехязычного образования и делятся опытом в этой области.